

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Абай - Орталық Азиядағы мәдени қарым-қатынастарды дамытушы

ЖАРИЯЛАНДЫ
17.10.2023СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/144930/>

Оның біршама еңбектері сан түрлі тілдерге аударылып, қаншама әлем жұртының жоғары бағасына ие болып келеді. Себебі, оның туындылары көркем мінезге баулитын, жаман әдеттерден арылуға жол сілтейтін шығармалар. Еңбектеген сәбиден, еңкейген қартқа дейін Абай атамыздың кемінде екі-үш өлеңін жатқа біледі. Бұл да ақынның өлшеусіз еңбегі. Сондықтан, ақынның мұралары жалғыз бізге ғана емес, бүкіл адамзатқа ортақ. Соның ішінде, Орта Азия халықтарын жатқызуға болады. Осы арқылы елдер арасындағы мәдени байланыс арта түседі.

Көрші Өзбекстан мемлекетінде ақиық ақынымызға арналған кино түсірілген екен. «Абай сөзі» атты деректі фильм аз уақыттың ішінде көптің сұранысына айналып үлгерген. Өзбек тіліндегі туындыда ақынның балалық шағынан бастап барлық тұлға болып қалыптасу кезеңдерін көрсетіп шыққан. Осы ретте 2018 жылы 13 наурыз күні Абайдың шығармаларын насихаттауға арналған қаулыға қол қойғанын атап өтуге болады. Құжатта тұлғаның мұралары жалғыз қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі халқына, оның ішінде өзбек халқының рухани дамуына ықпал ететіндігі көрсетілген және де «Екі халықтың достығы мен бауырластығының нығаюына елеулі үлес қосқанын ескере отырып және Өзбекстан қоғамының қазақ әдебиеті мен өнерін тереңірек тануы үшін мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамыту мақсатында Өзбекстанда Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасын кеңінен зерттеу мен насихаттау туралы ұсыныс мақұлдансын», - делінген.

Яғни, қаулыға сәйкес құжатта Абайдың «Таңдамалы» шығармалар жинағын және «Өзбек-қазақ мәдени байланыстары» әдеби-сараптамалық мақалалар жинағын дайындап, баспаға беру ұсынылған. Одан бөлек, ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы мақалалар мен теле, радиоматериалдар әзірлеу, оқу орындарындағы мектептерде, әскери бөлімдер мен ұжымдарда тақырыптық кештер өткізу жоспарланды. Сонымен қатар Қазірдің өзінде Өзбекстан мектептерінде оқушыларға ақынның өсиет сөздері үйретіліп жатыр. Ол үшін

арнайы сағаттар да бөлінген. «Дегенмен бұл аздық етеді», – дейді ұстаздар қауымы. Зеңгі ата ауылындағы мына мектеп 200-ден астам балаға арналған.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.